

Еуропа елдері мен АҚШ 1914-1945

Еуропа және Америка елдерінің қазіргі заман тарихы оқу құралы автордың әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің тарих факультетінде көп жылдық дәріс оқуының нәтижесінде жазылды. Еуропа және Америка елдерінің қазіргі заман тарихының бірінші кезеңі 1918-1945 жылдар аралығын қамтиды. Бұл кезең XX ғасырдың бас кезіндегі капиталистік қоғамның негізгі өзекті мәселелерін қарастырады. Қазіргі заман кезеңіндегі іргелі өзгерістердің мазмұнына, оның ішінде экономикалық-әлеуметтік және саяси дамуға тоқталады. Бірінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі халықаралық қатынастардың, Германиядағы қараша революциясы мен Ресейдегі 1917 жылғы қазан төңкерісінің дүниежүзілік әлемге тигізген әсері және жаңа қоғамдық-саяси дамулары қарастырылады. 1918 жылғы капитализмнің тұрақтануы, экономикалық дағдарыс жылдарындағы ірі капиталистік елдердегі экономикалық-әлеуметтік өзгерістер анықталады. Қазіргі заман кезеңіндегі басты оқиғалар – капитализмнің мемлекеттік реттеу механизмі, АҚШ-тағы «жаңа бағыт» саясаты, Италиядағы корпоративтік-мемлекеттік жүйе дәріс барысында кең қамтылады. Франция мен Испания тарихындағы халық майдан кезеңі, Орталық және Оңтүстік Шығыс Еуропа елдеріндегі жаңа тәуелсіз мемлекеттердің құрылуы, буржуазиялық саяси партиялардың саясаты көрсетіледі. Еуропа және Америка елдерінің қазіргі заман тарихының бірінші кезеңіне арналған бұл оқу құралында соңғы жылдарда жарық көрген зерттеулерге сүйене отырып, жалпы тарихтың өзекті мәселелеріне көңіл аударылды. Автор XX ғасырдың бірінші жартысында болған тарихи процестердегі экономикалық-әлеуметтік және саяси өзгерістерге тоқталады. Оқу құралында 1918-1945 жылдар аралығындағы революциялық өрлеу кезеңі, 1918 жылғы Германиядағы қараша революциясы, оның сипаты, екі соғыс аралығындағы халықаралық қатынас, КСРО-ның сыртқы саясатының принциптері, халықаралық қатынастардың жаңа стратегиясы мен тактикасындағы өзгерістер, XX ғасырдың 30-жылдарындағы капиталистік қоғамдағы дағдарыс, оның шығу себептері, буржуазиялық реформа, мемлекеттік

реттеу, жаңа даму моделі, мемлекеттік-монополиялық капита- лизмнің жаңа даму үлгісі фашистік Италия мен Германиядағы корпоративтік-монополияның дамуы, АҚШ-тағы Ф.Рузвельттің «жаңа бағыт» саясаты қарастырылды. Франциядағы халық майдан кезеңі, фашизмге қарсы күрестегі жаңа бағыт, біртұтас антифашистік майдан құру мәселелері соңғы жылдардағы тарихнамадағы жаңа көзқарастар негізінде жазылды. Еуропа және Америка елдерінің қазіргі заман тарихының бірінші кезеңіндегі ірі оқиғалардың бірі - 1917 жылғы Ресейдегі Қазан төңкерісінен кейінгі Кеңестік Ресейдің тарихы тұңғыш рет енгізіліп отыр. ХХ ғасырдың 20-30 жылдары КСРО халықтарының тари- хында елеулі оқиғаларға толы болды. Осыған орай, автор Қазан төңкерісінен кейінгі социализм құру жолындағы күрес, В.И.Ле- ниннің социализм құрудағы жоспары, жаңа экономикалық саясат, өкіметтік билік үшін болған тап күресінің тарихи про- цесс ретіндегі мазмұны мен мәніне тоқталады. КСРО-дағы аза- мат соғысы, социализмнің негізін қалау жолындағы БКП(б) күресі мен басшылығы атап көрсетіледі. КСРО-ның құрылуы, бірінші және екінші бесжылдықтардың қорытындылары жаңа тарихи көзқараста айтылады. КСРО тарихындағы 1937-1938 жылдардағы қуғын-сүргін саясаты, И.В.Сталиннің жеке саяси көзқарасы мен оның сая- сатына деген жаңа көзқарастарға соңғы жылдардағы жасырын болып келген мұрағат құжаттарына және зерттеулерге сүйене отырып баға берілді. Екінші дүниежүзілік соғыс қарсаңындағы халықаралық қаты- настағы болған өзгерістер, жаңа соғыс қаупі, фашизмнің кең түрде таралуы, КСРО үкіметінің сыртқы саясатындағы ұжым- дық қауіпсіздік принципі реакция мен фашистік топтардың уақытша болса да бәсеңдеуіне әкелді. 1939 жылдардағы саяси дағдарыс, Мюнхен келісімі, екінші дүниежүзілік соғыстың баст- алуы, соғыстың мәні мен қорытындысы жаңа тарихи көзқараста жазылды. Сонымен қатар, КСРО халықтарының Ұлы Отан соғысы жылдарындағы фашистік Германия мен Жапонияны талқан- даудағы рөлі, екінші дүниежүзілік соғыстың аяқталуы, соғыстан кейін дүниежүзілік қайта құрулар айтылды.

Ақш және Еуропа

Еуропа

Ақш



- Еуропа және Америка елдерінің қазіргі заман тарихы (1918- 1945 жж.) тұңғыш рет қазақ тілінде жазылып отыр. Сондықтан ХХ ғасырдың бірінші жартысындағы қазіргі заман тарихындағы болған тарихи процестерге жазылған ой мен көзқарастар автордың жеке ойы деп түсіну керек. Автор өз ойын түпкілікті деп ойламайды, басқа зерттеушілер мен мамандар осы оқу құралындағы көзқарастарға өз ойлары мен пікірлерін қосып жатса, қазіргі заман тарихының өзекті мәселелерін шешуге зор үлес қосылған болар еді.

БАТЫС ЕУРОПА, АҚШ ЖӘНЕ КСРО ЕЛДЕРІ (1918-1939 жж.)

Германия

- 1918 жылғы қараша революциясы қарсаңындағы саяси ахуал. Бірінші дүниежүзілік соғыс Германияның қоғамдық- саяси құрылымын дағдарысқа әкелді. Германияның соғыс жылдарындағы экономикасы, соғыстың ауыртпалығы еңбекші халықтың тұрмыс жағдайын нашарлатып жіберді. Жұмыс- шылар, соғыстағы солдаттар мен матростар Германия монархиясынан соғысты тоқтатуды талап етті. Буржуазиялық топтар Германиядағы монархиялық билікке қарсы күреске шыға отырып, халық күресін қолдап, монархияны құлатуды талап ете бастады. Германияда революциялық ахуал пісіп-жетілді. Монархияның елдегі саяси билігі әлсіреп, халықтың алдында беделі түсті. Соғысты бастаған ірі буржуазия мен монархия әскерлері соғыс майданында бірінен соң бірі жеңіліске ұшырады. 1915- 1917 жылдағы соғыс майданындағы жағдайдың қиындауы солдаттар мен матростар арасындағы революциялық жағдайды

○ шиеленістіре түсті. Қарапайым халық соғыстан қалжырап шаршады. Елде монархияға қарсы ереуілдік қозғалыс кең етек алды. 1916 жылы 240 ереуіл болса, 1917 жылы – 562, 1918 жылы – 773 ереуілдік қозғалыс болды. Мұндай қозғалыстар Германияның ірі қалаларын түгел қамтыды. 1917 жылы 25 қазан айында Ресейдің Петроград қаласында большевиктер партиясының қарулы көтерілісі жеңіске жетті. Ресейде социалистік қоғам құру үшін большевиктер партиясының көсемі В.И. Лениннің айтуымен, «социалистік революция» жүзеге асып, пролетариат диктатурасы, оның формасы жұмысшы және солдаттар депутаттарының кеңесі жеңіске жетті. Ресейде үкімет билігі большевиктер партиясының қолына көшті де, жаңадан Кеңес үкіметі құрылды. Оның алғашқы шаралары: 1917 жылғы 26 қазан айында Бүкілресейлік кеңес съезінде екі құжат - «Бітім» туралы және «Жер» туралы декреттер жарияланды. Бұл құжат бойынша Ресей соғыстан шығып, шаруаларға жер бере бастады. Жұмысшылар өз өнеркәсіптерін қолдарына алып, оның қожайынына айналды. Соғыстан шаршап, қалжыраған солдаттар елге қайта бастады. Кеңес өкіметінің бұл жүргізген шаралары тез арада бүкіл әлемге тарап, Еуропа елдерінде Кеңестік Ресейдегідей билік орнату мақсатында революциялық күштер жаңа күреске шақырып, елдерінің басқарушы топтарына қарсы шықты. Бұл оқиға Германия еңбекшілеріне қатты әсер етті.



НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАХМЕТ!!!